

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медицина Университеті



Кафедра: Қоғамдық денсаулық сақтау

Денсаулықпен байланысты өмір сапасы

Орындаған: Әкім А.Ф.

Қабылдаған: Баймолдин Н.М

Тобы: 13-002-01

Факультет: ҚДС

Курс: 4

Алматы 2016 жыл

Жоспары:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1.1. Өмір сапасы түсінігі


2.1.2. Өмір сапасының құрылымы

2.1.3. Өмір сапасын құратындар, өмір сапасын анықтау,
бағалау

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Өмір сапасы (life quality) – бұл индивидумның өзі өмір сүріп жатқан ортасындағы оның мақсаты, қызықтылығы, стандарттылығы және де оның мәдениет контексі мен құндылықтар жүйесіндегі орны мен қатынасы. Бұл анықтамаға қарамастан диссоциация жалғасуда. Кейбір авторлар өмір сапасын өмір сүру (тұрмыс), психосоциалды атрибуттармен шектелу деп түсіндіреді. Ал кейбіреулер бұл категория мінездемесін мына көрсеткіштерден іздейді: ауру, өлім, симптомдар, болжам т.б. Ал үшіншілері өмір сапасын материалды және ішкі жан – дүниелік байлық, яғни тамақтану сапасы, өмір сүру жағдайы, киімнің сапасы, денсаулық сақтаудың сапасы деп түсінеді. Төртіншілер оны физикалық, психикалық және эмоционалды сәттілік контексі деп айтады.



Өмір сапасы деген түсінікте өмір анықтамасы жатыр, мұнда өмір- адамның басты байлығы. Өмір түсінігі келесідей құрамдармен анықталады:

- Құрылған өмір
- Тұтынушылық өмір
- Отбасылық өмір
- Социодениттік өмір
- Ішкі жан – дүниелік өмір


Құрылған өмір – адам және қоғам өмір сүруінің соңғы пункті болып табылады. Ол бір жағынан міндеттілік, ал екінші жағынан адамның ішкі мұқтажы (еркін еңбек, мүмкіндік, адамның шығармашылық белсенділігінің реализациясы). Сондықтан адамның әлеуметтік еңбектік және шаруашылық табысының мінездемесі ретінде қоғамда қалыптасқан еңбекке деген қарым – қатынас, еңбекпен қанағаттандырылу, ғылыми- техникалық прогресстің деңгейін анықтауды жатқызамыз.

Тұтынушылық өмір – ол адамның материалды және ішкі жан дүниелік мұқтажықтар мөлшерін көрсетеді, яғни күнделікті өмірмен адамның қанағаттандырылуы және субактивті көрсеткіштері. Тұтынушылық өмір немесе адам мен мұқтажықтарын іске асырумен және адамның өзіндік материалды жетіспеушілікке жету және екі еселеу мүмкіншілігі.

Отбасылық өмір – (жеке, табиғи өмір) – бұл өмір мен денсаулықты сақтау және жандандыру, адамзат тұқымының шығарылуы және елдің демографиялық мінездемесі кіреді.

Сциоадениттік өмір – азаматтың белсенділік пен адам құқығының сақталуы, оның әлеуметтік мұқтаждығы (әлеуметтік қауіпсіздік, құқықтық қорғанушылық, әлеуметті қамтамасыз етілу) қанағаттандырылуы. Мұнда мңызды орында адамның білім және тәрбие алу, мәдениетті қалыптастыру қасиеттері алады.

Ішкі жан дүниелік өмір – адамның жан дүниесін, ұлт еркіндігін және дінді тануы, көптеген интеллектуалды мұқтаждықтар мен жан – дүниелік не көркемдік қасиеттерін жатқызамыз. Адамның ішкі жан – дүниелік өмірі махаббат, достық, сезім және жақсы болашаққа деген сезім, религиялық ес пен діндік тұрақтылық сұрақтары жатады. Адамның ішкі жан – дүниесі оның ішкі құлдыныстарын, жаман мен жақсыны түсіне білуді қалыптастырады.




**Өмір сапасының құрылымы 3 негізгі
компоненттерден тұрады:**

1.Өмір сүру жағдайы, яғни адамның өзіне тәуелсіз жағы (табиғи, әлеуметтік орта);

1.Өмір сүру салты, субъективті, адам өзі жасайтын жақтары;

1.Өмір сүру жағдайымен қанағаттануы;



Қазіргі таңда медицинада өмір сапасына көп назар аударылып отыр, сол себептен ауру және сырқат туралы көзқарас та өзгеріп келеді. Соңғы жылдары терминдерге байланысты өмір сапасы пайда болады. Денсаулықпен байланысты өмір сапасын аурушаңдық пен ем көрсеткіштеріне сүйене отырып, жалпы денсаулықты құрайтын- физикалық, психикалық сауықтыруларды анықтауға көмектеседі. Біздің елде денсаулықпен байланысты өмір сапасы деген түсінік астында денсаулықтың жағдайы мен өмірлік жағдайының үйлесімділігін және физикалық, психикалық, әлеуметті жақсы өмірге алып келетін жағдайларды қарастырады. Халықаралық өмір сапасын анықтау орталығы басқаша түсінік беріп отыр. Ол өмір сапасын аурудың физикалық, психикалық, эмоционалды және әлеуметті мінездемесін және субективті қабылдаушылығы ретінде қарастырады.

Адам өмірінің сапасын құратындар және критерийлер:

Физикалық

Күш, энергия, шаршағыштық, ауырсыну, дискомфорт, ұйқы, демалыс;

Психологиялық

Оң эмоциялар, ойлау, оқу, түсіну, қарау концентрациясы, өзін-өзі бағалау, сыртқы түрі, жағымсыз қобалжу;

Өз-өзін ұстау алудың дәрежесі

Күнделікті белсенділігі, жұмысқа қабілеттілігі, дәрілерге және емге тәуелділігі;

Қоғамдық өмір


Жеке қарым-қатынастары, субъективтің қоғамдық бағасы, сексуалды белсенділік;

Қоршаған орта

Жақсы болу, қауіпсіздік, үй шаруасы, қамтамасыз етілуі, медициналық және тұрмыстық қаматамасыз етілудің сапасы және қол жеткізу мүмкіндігі, ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі, оқуға және квалификацияны көтеруге мүмкіндік, экология (поллютанттар, шу, аймақ, климат, т.б.);

Жан дүниесі


Діні, жеке көзқарастары.



Өмір сапасын анықтау экономикасы жаңа дамыған елдердің денсаулық сақтау ісінде кеңінен жайылған.


Олар қоладанады:

- Қоғам денсаулығын мониторингінде және популяциялық зерттеулерде
- Денсаулық сақтауда реформа мен бағдарламаның нәтижелілігін анықтауда
- Клиникалық зерттеулерде, яғни, жаңа дәрілік препараттар мен емдеу әдістерінің сапасын анықтағанда
- Клиникалық тәжірибесе, дәстүрлі емдеу әдістерінің эффективтілігін бағалауда
- Формаэкономикада
- Денсаулық сақтау экономикасында.



Соңғы жылдарда өмір сапасын анықтау отандық денсаулық сақтауда кеңінен қолданылып келеді және келесідей мүмкіндіктерді іске асыруға көмектеседі:

- ✓ Емдеу әдістерін стандартизациялау
- ✓ Көптеген дамыған қалаларда қабылданған халықаралық критерийлерді қолданып орындайтын жаңа емдеу әдістерін экспертизациялауда
- ✓ Емдеудің ерте және кеш қорытындысын ескере отырып ауру жағдайның толық индивидуалды мониторингтік қамтамасыз ету
- ✓ Аурудың ағымы немесе соңының прогностикалық моделін ұйымдастыру

- 
- ✓ Қауіп топтарын анықтаумен жүретін медико-әлеуметтік популяциялық зерттеуді жүргізу
 - ✓ Паллиативтік медицинаның фундаментальды принциптерін ұйымдастыру
 - ✓ Қауіп топтарын динамикасын бақылау және профилактикалық бағдарламаларының бағасын қамтамасыз ету
 - ✓ Жаңа емдік препараттардың экспертизация сапасын жоғарлату
 - ✓ Емдеу әдістерін мына көрсеткіштерде «баға-сапа», «баға-эффективтілік» ескре отырып, экономикалық пайдалану.

Өмір сапасын анықтау медициналық көмектің сапасын бақылауда да маңызды рөл атқарады. Өмір сапасын зерттеу медициналық көмек көрсету жүйесінің нәтижелілігін анықтайтын әмбебапты жоғарғы информативті құрылым болып табылады және науқас жайлы объективті баға береді.

Өмір сапасын бағалау фармакоэкономикада да кеңінен қолданылып келеді. Фармакоэкономиканың зеріттеулер денсаулық сақтаудағы қазіргі заманға сай әдістемелік өмір сапасының ұзақтығының және жақсартудың әртүрлі технологияларын анықтайды. Фармокологиялық талдау диагностикалық, профилактикалық және реабилитациялық іс-шаралардың нәтижелілігін және емдік технологияларды бағалау үшін қолданылады. Фармакоэкономиканың бір тапсырмасы ол - емдеуге минималды шығындарды жарата отырып, науқастың максималды жоғары өмір сапасын қамтамасыз ету.

Қорытынды

Қорытындылай келе, әр адамның денсаулығын сақтау қағидаттары өз қолында. Сол себепті балиғат жасынан бастап, егде жасқа дейін салауатты өмір салтын нақыштап, өз бойына сіңіріп, өзінен кейінгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, сапалы салиқалы тәрбие жұмысын насихаттау қызметін атқару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ❖ Интернет желісі
- ❖ www.google.kz
- ❖ www.vikipediya.com